

М.И. ВАНСВАНОВ, Ю.А. МЕНЧИШЕВА, Д.Д. МЕНЖАНОВА, Э.К. ИЛЬЯСОВА
*Казахский Национальный медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова,
 Кафедра хирургической стоматологии*

**СОЗДАНИЕ И ПРИМЕНЕНИЕ ЭЛЕКТРОННОГО УЧЕБНОГО ПОСОБИЯ В СИСТЕМЕ
 МЕДИЦИНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

Резюме: Статья посвящена опыту разработки и применения пошаговой методики создания электронных учебных пособий в формате HTML, EXE, для преподавателей и других специалистов сферы медицинского образования, занимающимися вопросами внедрения и использования электронных изданий в образовательных учреждениях Республики Казахстан. Проведена опрабация использования, в качестве конструктора электронных пособий, программного приложения Turbo Site. Дан анализ эффективности предлагаемой методики.

Ключевые слова: медицинское образование, электронное учебное издание, формат HTML, программное приложение

M.I. VANSVANOV, Y.A. MENCHISHEVA, D.D. MENZHANOVA, E.K. ILYASOVA
*Asfendiyarov Kazakh National medical university,
 Department of surgical stomatology*

DEVELOPMENT AND APPLICATION OF E-LEARNING TOOL IN HEALTH EDUCATION

Resume: The article is devoted to the experience of the development and use step by step procedure of creating electronic textbooks in the format of HTML, EXE, teachers and other specialists in the sphere of medical education, dealing with the implementation and use of electronic media in the educational institutions of the Republic of Kazakhstan. Spend oprabatsiya use, as a designer of electronic manuals, software Turbo Site application. he analysis of the effectiveness of the proposed method.

Keywords: medical education, electronic educational unit, HTML format, software applications

М.И. ВАНСВАНОВ, Ю.А. МЕНЧИШЕВА, Д.Д. МЕНЖАНОВА, Э.К. ИЛЬЯСОВА
*С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті,
 Хирургиялық стоматология кафедрасы*

**«БАС ЖӘНЕ МОЙЫН АУРУЛАРЫ» ПӘНІ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ЭЛЕКТРОНДЫ
 ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ**

УДК 61:378.126

«Бас және мойын аурулары» пәні бойынша стоматология факультетінің 5 курс студенттерінің оқу нәтижелері, электронды оқулықтарды қолдану нәтижелері бағаланады. Оқутылатын тақырып бойынша студенттерде электронды контентпен қанағаттандырылған туралы анализдерді талдау жүргізілген. Электронды оқулық басылымдар оқу материалын неғұрлым тиімді игеру, студенттердің білімін кешенді жүйесін қалыптастыруға ықпал етті, сондай-ақ профессорлық-оқытушылар құрамы дәстүрлі білім беру жүйесін түрлендіру мүмкіндігін береді.

Түйінді сөздер: электронды оқу құралдары, медициналық білім, тиімділік, талдау, пән.

Адамзатың ХХІ ғасырға өз дамуының жаңа кезеңінде ақпараттық қоғамға енуі жүріп отыр. Ақпараттың толқынды өсуі, оның сапалық өзгерістері, ақпараттық технологиялардың дамуы – қоғамның сапалық өзгерістеріне әкелді. [2]. Бұл өз кезегінде стоматологиялық бағдар бойынша мамандарды дайындау үрдісіне септігін тигізді.

Орта мектепегі сабақ беру әдістері мен түрлері оқушылардың психологиялық өзгерулеріне әкелді, бұл ЖОО жаңа буындағы талапкерлер мен студенттердің келуіне әкелді, олардың оқу үрдісіне деген талаптары мен жеке қасиеттері қазіргі заманға сай келмей отырған сияқты. Сондықтан да бұл студенттерді оқытуда күтпеген қиындықтар әкеліп отыр.

Осыған орай, студенттерде ойлаудың «бейнелі» түрі, қарым-қатынастың логикалық емес - эмоционалды түрін қалыптастыру, көлемді ақпаратты түсінбеу және оны қабылдаудың күрделі болуы, оқу барысында ойын болмаса басқа жаққа көңілдің ауып кетуі, өз бетінше шешімді тез қабылдау мен оқудың уақытын жоспарлай алмауы, өз бетінше оқуын жоспарлау машықтарының болмауы орын алған. [4]. Өмірдің әрбір бағыттарына ақпараттық үрдістердің екпінді түрде енуі - медициналық білім беру жүйесіне заманауи ақпараттық технологияларды енгізе отырып жаңа білім беру үлгісін жасауды талап етеді. [1, 3]. Компьютерлі технологияларды тәжірибелік түрде қолдану – талапкердің жаңа танымдық белсенділігін арттыру қарастырылады,

оның қорытындысы ретінде талапкерлердің өз бетінше дамуы болып табылады. [5, 6, 7].

Мақсаты: «Бас және мойын аурулары» пәні бойынша стоматологиялық факультет студенттерін дайындауда электронды оқу құралдарын қолдану тиімділігін жақ бет аймағы жараларының жазылу әдістер мен сұрақтарын жетілдіру мысалында қолдану.

Міндеттер:

1. «Бас және мойын аурулары» пәні бойынша әдістемелік нұсқауларға электронды оқу құралын енгізу тиімділігін ағымдағы үлгерімі мен емтиханын бағалау.
2. Тақырып бойынша қалған білім деңгейіне баға беру: жақ-бет аймағы жараларының жазылу әдістері мен сұрақтарын оңтайландыру бойынша ағымдағы бақылау ретінде тест тапсырмаларын орындау.
3. «Бас және мойын аурулары» пәні бойынша оқып жатқан студенттерді тәжірибелік және бақылау тобы деп екіге бөліп салыстырмалы талдау жүргізу, қалған білімін жақ-бет аймағы жараларының жазылу әдістері бойынша бағалау.
4. Студенттердің қанағаттану дәрежесін анықтау мақсатында мониторинг жүргізу, электронды контент арқылы анкета жүргізу.

Мәліметтер мен әдістер: 2016 жылы С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ 5 курс стоматология факультетінің орыс бөлімше топтарын біз зерттеуге алдық. Педагогикалық тәжірибе жүргізу барысында барлық студенттер (42 адам) екі топқа бөлінді – тәжірибелік (21 студент) және бақылау (21 студент). Тәжірибелік топта оқу әдістемелік құрал ретінде электронды оқу құралдары қолданылды, ал бақылау тобында – әдеттегідей оқу әдістеме материалдары қолданылды.

«Бас және мойын аурулары» пәні бойынша тәжірибе барысында қалған білімін бағалауды аралық бақылауға сүйене отырып талдау жасалды. Содан соң, екі айдан кейін тәжірибелі және бақылау топтарында берілген пән бойынша білімдерін тексеру тест түрінде жүргізілді.

«Бас және мойын аурулары» пәнін оқу барысында электронды оқу құралдарын қолдану тиімділігін талапкерлердің ағымдағы оқу үлгерімі, емтихан мен қалдық білімін бағалау негізінде талдау жүргізілді.

Оқу барысында және емтиханнан кейін студенттердің ЭОҚ бойынша қанағаттану дәрежесін анықтау жүргізілді. Соңғы рет анкетамен сұрау кейінге қалдырылған білімін тексеру кезінде жүргізілді, яғни екі айдан кейін. Анкета ретінде стандартты, яғни білім алу бойынша қанағаттану

дәрежесін анықтайтын анкеталар қолданылды, олар алдын ала 5 курс стоматология факультетінің студенттерінде апробация жасалынған.

«Бас және мойын аурулары» пәні бойынша оқу құралының негізі ретінде HTML 5 (HyperTextMarkupLanguage) форматы ASCII-кодында қолданылды. HTML 5 форматы WindowsLinux операционды жүйесінде, сонымен қатар, мобильді байланыстың Android4.0 мен AppleiOS6.x және басқа да одан жоғары жүйелерде жұмыс жасай береді. Форматтың басты артықшылығы бұл мәтіндегі басылмды гиперсілтеме түрінде қоюға болатындығы, ол арқылы басылымның берілген құжаты бойынша ішкі және сыртқы өтпелдерге көшу мүмкіндігі болып табылады. Жекелеп айтқанда, гиперсілтеме арқылы автормен немесе басылым басшылығымен электронды почта арқылы байланысуға болады, қолданылған әдебиеттер тізімін көруге, иллюстрацияларды шақыртып мәтін фрагментінің мәнін және тағы басқаларын түсінуге болады.

ЭОҚ құрамына сандық, мәтіндік, графикалық, аудио, видео және тағы да басқа ақпарат кіреді, ол оқу мәліметтерін терең түсінуге, ой толғауға, оқу мағлұматын есте сақтауға көмектеседі. Өз білімін бақылау мақсатындағы оқу материалын меңгеруді деңгейін тексеру үшін тест түріндегі тапсырмалар енгізілген.

Зерттеудің нәтижелері: 5 курс стоматология факультеті студенттерінің «Бас және мойын аурулары» пәні бойынша тәжірибелік топтағылардың ағымдағы үлгерім рейтингісі мен емтиханның қорытындылары бойынша орта баға 91,37 болды, бұл баллдық рейтинг жүйесі бойынша А- (үздік) бағасына сәйкес. Бақылау тобындағы ағымдағы үлгерім рейтингісі мен емтиханның қорытындылары бойынша орта баға 88,3, бұл В+ (өте жақсы) бағасына сай.

Қалған білімдерін аралық бақылау мен тестілеудің нәтижелері арқылы бағаланды, тестілеу екі айдан кейін жүргізілген, тәжірибелік топтың бағасы айтарлықтай жоғары болды 90,04 (А-, үздік), ал бақылау тобында төмендеу, яғни 80,43 (В, жақсы) болды.

Анкета жүргізудің қорытындылары бойынша тәжірибелік топта, яғни ЭОҚ қолданған студенттердің оқумен қанағаттанудың деңгейі жоғары болды. Бақылау тобында оқумен қанағаттану деңгейі орташа болды.

Статистикалық мағлұматтар SPSS бағдарламасы бойынша өңделді.

Кесте 1 - «Бас және мойын аурулары» пәні бойынша 5 курс стоматология факультеті студенттерінің ағымдағы үлгерімі, қалған білімі және студенттердің қанағаттану деңгейі бойынша жүргізілген сараптама нәтижелері

	Тәжірибелік топ	бақылау тобы
Үлгерім деңгейі	91,37±0,81	88,3±1,3
Қалған білім деңгейі	90,04±0,31	80,43±0,86
Қанағаттану деңгейі	Жоғары	Орта

Талқылау: Педагогикалық зерттеу нәтижелері бойынша ЭОҚ қолданудың тиімділігі жоғары. Ағымдағы үлгерімі мен қалған білімінің деңгейі тәжірибелік топта жоғары болды. Мұндайда анкета жүргізудің нәтижелері бойынша студенттердің оқумен қанағаттану деңгейі тәжірибелік топта жоғары болды.

ЭОҚ қолданудың жағымды жақтары бұл талапкерлер мен мұғалімдерге бірдей пайдалы болуы. ЭОҚ оқу

үрдісінде қолдану анкета және сұрау қорытындылары бойынша студенттің сабаққа дайындалу уақытын үнемдейді, қосымша әдедиет пен ақпаратты іздеуді жеңілдетеді, оқу үрдісін түрлендіреді, сабақты одан әрі қызықты және интенсивті етеді, талапкерлердің ынтасын арттыруына әсер етеді, басқа материалдарды қолдануға мүмкіндік береді және өздігінен сабаққа дайындалуға түрткі бола алады. Айта кетер тағы бір

жағдай, бұл ЭОҚ оқу материалын тиімді игеруге, студенттердегі білімінің бүтіндігін жүйелендіруге септігін тигізеді, сонымен қатар, профессорлық мұғалімдер құрамына әдеттегі сабақ беру дәстүрін трансформациялауға көмектеседі.

Электронды оқу құралын педагогикалық құрлығы ретінде қолдану «Бас және мойын аурулары» пәні бойынша сабақ беру сапасын арттырады және студенттердің оқу материалын игеру тиімділігін арттырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Амбрушкевич Ю. Г. Современные информационные технологии в образовательном пространстве медицинского вуза: проблемы и перспективы // Использование информационных образовательных технологий и электронных средств обучения в вузе: материалы науч.-метод. Конф. Гродно. – М.: ГрГМУ, 2011. – С. 6-8.
- 2 Баданов А.А. Информационная культура курсанта в современном мире // Комплексная оценка деятельности военного института как отражение качества подготовки офицерских кадров: материалы межвузовской научно-практической конференции 19.03.09. – Новосибирск: НВИ ВВ МВД России, 2009. – С.113-118.
- 3 Галеев И.Х., Храмов Д.Л., Светлаков А.П., Колосов О.В. Адаптивное обучение и тестирование // Материалы Всероссийской научно-методической конференции «Развитие методов и средств компьютерного адаптивного тестирования». –2003. – С. 33-35.
- 4 Исаева Е.Р. Новое поколение студентов: психологические особенности, учебная мотивация и трудности в процессе обучения первого курса // Медицинская психология журнал. - 2012. –№4 (15). – С. 91-96.
- 5 Кривошеев А.О. Компьютерная поддержка систем обучения // Бюллетень Минобразования России «Проблемы информатизации высшей школы». – 1998. – №1. – С. 179-183.
- 6 Лукашевич И.П. Проблемы информационного взаимодействия в медицине // Новости искусственного интеллекта. – 2005. – № 2. – С. 12-16.
- 7 Щербинина И. А. Интеграция традиционного контроля и компьютерного тестирования как средство повышения эффективности обучения в вузе: автореф. дис. ... канд. пед. наук – Владивосток, 2007. – 165 с.

М.И. ВАНСВАНОВ, Ю.А. МЕНЧИШЕВА, Д.Д. МЕНЖАНОВА, Э.К. ИЛЬСОВА

*Казахский Национальный медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова,
Кафедра хирургической стоматологии*

ПРИМЕНЕНИЕ ЭЛЕКТРОННЫХ УЧЕБНЫХ ИЗДАНИЙ В МЕТОДИЧЕСКОМ ОБЕСПЕЧЕНИИ ДИСЦИПЛИНЫ «ЗАБОЛЕВАНИЯ ГОЛОВЫ И ШЕИ»

Резюме: В исследовании проведена оценка результатов, применения электронных учебных пособий, по результатам обучения студентов 5 курса стоматологического факультета по дисциплине «Заболевания головы и шеи». Проведен анализ удовлетворенности студентов электронным контентом изучаемой темы. Электронные учебные пособия способствовали более эффективному усвоению учебного материала, формированию целостной системы знаний у студентов, но и позволяют профессорско-преподавательскому составу трансформировать традиционную систему обучения.

Ключевые слова: электронные учебные пособия, медицинское образование, эффективность, анализ, дисциплина.

M.I. VANSVANOV, Y.A. MENCHISHEVA, D.D. MENZHANOVA, E.K. ILYASOVA

*Asfendiyarov Kazakh National medical university,
Department of surgical stomatology*

USING ELECTRONIC MANUALS IN METHODOLOGICAL MAINTENANCE OF DISCIPLINE "DISEASES OF THE HEAD AND NECK"

Resume: The study evaluated the results of the use of electronic textbooks, learning outcomes 5th year students of the Faculty of Dentistry for the discipline "Diseases of the head and neck." Analysis of satisfaction of students electronic content of the subject. Electronic textbooks have contributed to more efficient assimilation of educational material, the formation of an integrated system of knowledge of students, but also allow faculty to transform traditional education system.

Keywords: electronic manuals, students of the Faculty of Dentistry, healing the wounds of the maxillofacial area.